



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 ж. 16 ақпан

Павлодар қаласы

№ 2-02/72

город Павлодар

WorldSkillsPavlodar-2022 өңірлік кәсіби шеберлік конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы

Жұмысшы мамандығының беделін арттыру және кәсіптік білім беруді дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы наурыздың 10-ы мен сәуірдің 30-ы аралығында WorldSkillsPavlodar-2022 өңірлік кәсіби шеберлік конкурсын өткізілсін.

2. WorldSkillsPavlodar-2022 өңірлік кәсіби шеберлік конкурсының бағыттары (1-қосымша), құзыреттілік тізілімі (2-қосымша), өткізу туралы ереже (3-қосымша), ұйымдастыру комитетінің құрамы (4-қосымша), қатысу үшін өтінім нысаны (5-қосымша) бекітілсін.

3. Ұйымдастыру комитеті осы бұйрықпен бекітілген Ережеге сәйкес WorldSkillsPavlodar-2022 өңірлік кәсіби шеберлік конкурсының (әрі қарай-Конкурс) ұйымдастырылуын және өткізілуін қамтамасыз етсін.

4. Білім беру ұйымдарының басшылары білім алушылардың Конкурсқа қатысуын қамтамасыз етсін, Конкурсқа қатысу үшін бекітілген нысан бойынша өтінімді ұсынсын.

5. Конкурс өткізілетін алаңдар болып табылатын ұйымдардың басшылары Конкурсты өткізу үшін қажетті материалдық-техникалық базаны дайындасын, қауіпсіздік техника және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес тәжірибелік тапсырмаларды орындау үшін тиісті жағдай жасасын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары А.Е. Абеноваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Д. Болатханұлы

Бұйрықпен таныстырылды:

_____ А. Абенова

_____ А. Иманшарипова

001800

Білім беру басқармасының
2022 жылғы «16» 02
№ 2-02/22 бұйрығына
№ 1-қосымша

**WorldSkillsPavlodar-2022 өңірлік кәсіби шеберлік
конкурсының бағыттары**

№	Бағыттары	Өткізілу мерзімдері	Өткізу алаңдары
1	BabySkills	10.03-11.03.2022	Облыс колледждерінің базасында
2	JuniorSkills	28.03-31.03.2022	Облыс колледждерінің базасында
3	Abilympics	04.04-08.04.2022	Облыс колледждерінің базасында
4	AgroSkills	04.04-15.04.2022	Аграколледждер және облыстың кәсіпорындары базасында
5	WorldSkills	04.04-26.04.2022	Облыс колледждері мен кәсіпорындары базасында

Білім беру басқармасының

2022 жылғы «16» 02

№ 2-02/22 бұйрығына

№ 2-қосымша

**WorldSkillsPavlodar-2022 өңірлік кәсіби шеберлік конкурсының
құзыреттілік тізілімі**

№	Направление	Наименование компетенции (WSK)
1.	07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	Сантехника және жылыту
2.		Электромонтаж
3.		СББ станогымен токарлық жұмыстары
4.		CNC СББ станогымен токарлық жұмыстары
5.		СББ станогымен фрезерлік жұмыстары
6.		Дәнекерлеу технологиясы
7.		Металл құрылымдарын өндіру
8.		Лабораториялық және химиялық талдау
9.		Электроника
10.		Өнеркәсіптік автоматика
11.		Ұшқышсыз ұшу аппараттарын басқару
12.		Қую өндірісі
13.		Шатыр жұмыстары
14.		Слесарлық іс
15.		Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу
16.		Сән технологиясы
17.		Ландшафтық дизайн
18.		Кондитер ісі
19.		Наубайхана шеберлігі
20.		Шанақты жөндеу
21.		Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету
22.		Автомобильдерді бояу
23.		Темір жол көлігіндегі тасымалдау процесін басқару
24.		Темір жол көлігі технологиясы
25.		Локомотивті басқару
26.		Темір жол жағдайын бақылау
27.		Жүк техникасына қызмет көрсету
28.		Жүктерді экспедициялау
29.		Сылақшы және әсемдік жұмыстар
30.		Таспен қаптау
31.		Құрғақ құрылыс және сылақшы жұмысы
32.		Кірпіш қалау
33.		Бетон жұмыстарының технологиясы

34.	06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Ақпараттық кабельдік желілер	
35.		Веб-дизайн және әзірлеу	
36.		Бұлтты есептеулер	
37.		IT бизнес үшін шешімдер	
38.		Интернет заттар	
39.		Желілік және жүйелік әкімшілендіру	
40.		Компьютерлік ойындар үшін 3D модельдеу	
41.		Мобильді робототехника	
42.		АЖЖ (автоматтандырылған жобалау жүйесі) инженерлік дизайн	
43.		Прототиптеу	
44.		Мобильді қосымшаларды әзірлеу	
45.		Компьютерлік ойындарды және мультимедиялық қосымшаларды әзірлеу	
46.		Киберқауіпсіздік	
47.		Ғимараттарды ақпараттық модельдеу	
48.		09 Медицина	Медициналық және әлеуметтік күтім
49.		08 Ауыл шаруашылығы	Ветеринария
50.		02 Өнер, дизайн	Графикалық дизайн
51.	Хореографиялық ұжымның жетекшісі		
52.	Фотосурет		
53.	Бейнеөндірісі		
54.	Баспасөзде басып шығару технологиясы		
55.	Лазерлік технологиялар		
56.	Өнеркәсіптік дизайн		
57.	01 Білім		Бастауыш сыныптарда сабақ беру
58.		Мектепке дейінгі тәрбие	
59.		Музыканы оқыту	
60.		Дене тәрбиесі және спорт	
61.	10 Қызметтер, Қызмет көрсету саласы	Аспаз ісі	
62.		Ресторан қызметі	
63.		Шаштараз өнері	
64.		Эстетикалық косметология	

**WorldSkillsPavlodar-2022 өңірлік кәсіби шеберлік
конкурсын өткізу туралы
Ереже**

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже WorldSkillsPavlodar-2022 өңірлік кәсіби шеберлік конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды (бұдан әрі аталуы – Конкурс).

1.2. Конкурс WorldSkillsKazakhstan Республикалық конкурсына қатысу үшін өңірлік құрама команданы қалыптастыру және өңірлік басым құзыреттер бойынша облыстың техникалық және кәсіптік оқу орындарының үздік студенттерін анықтау мақсатында өткізіледі.

1.3. Конкурс міндеттері:

- 1) жұмысшы мамандықтарын дәріптеу және беделін арттыру;
- 2) ынталы жастарды жұмысшы мамандықтар мен кәсіптерге тарту;
- 3) білім беретін ұйымдар оқушыларының кәсіп таңдаудағы уәждері;
- 4) әлеуметтік және бизнес әріптестермен ынтымақтастықты нығайту.

II. Конкурсты ұйымдастыру

2.1. Конкурс ұйымдастырушылары Павлодар облысы білім беру басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі бойынша оқу-әдістемелік кабинеті және Конкурс өткізілетін оқу орындарының басшылары болып табылады.

2.2. Конкурс ұйымдастырушылары:

- 1) Конкурсты өткізу тәртібін (Бағдарламаларды) әзірлейді;
- 2) Конкурсты өткізу орнын анықтайды;
- 3) колледждерді, кәсіпорындар мен өзге де мүдделі тараптарды жоспарланған іс-шара туралы ақпараттандырады;
- 4) Конкурсқа қатысу өтінімін жинайды (5-қосымша);
- 5) Сарапшыларды, команда көшбасшыларын, құзыреттілік бойынша қатысушылар тізімін қалыптастырады, нысан (2-қосымша) бойынша тіркеуді жүргізеді;
- 6) Конкурстың сараптамалық кеңесінің құрамын қалыптастырады. Қазылар алқасының төрағасы Бас Сарапшы.
- 7) WorldSkills International ресми брендбүгіне сәйкес ақпараттық-жарнамалық өнімді әзірлейді және үлестірме материалдардың дайындалуын қамтамасыз етеді (баннерлер, ту орнату);

8) баспа және электронды БАҚ-та, білім беру ұйымдары мен жергілікті атқарушы органдарының ресми интернет-ресурстарында Конкурстың медиа-сүйемелдеуі бойынша жоспар әзірлейді;

9) (WorldSkills International ресми брендбугіне сәйкес) сыртқы сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды әзірлейді;

10) марапаттар мен бағалы сыйлықтар санын анықтайды;

11) Конкурсты өткізу жағдайын (жабдықтар, шығын материалдарын және т.б.) қамтамасыз етеді;

12) сарапшы кеңеспен ұсынылған хаттама негізінде Конкурс нәтижелерін рәсімдейді;

2.3. Конкурстың сарапшы кеңесінің функциялары:

1) орындалған Конкурс тапсырмаларын бағалау;

2) еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының сақталуын бақылау;

3) Конкурс қорытындысын шығару және жеңімпаздарды анықтау;

4) Конкурстың қорытындысы туралы хаттама рәсімдеу және оны Конкурс ұйымдастырушыларына бекіту үшін ұсыну.

III. Конкурсты өткізу тәртібі

3.1. Конкурс 2022 жылғы наурыздың 10 мен сәуірдің 26-ы аралығында облыстың ТЖКБ ұйымдарының және әлеуметтік әріптестер базасында 7 бағыт бойынша өткізіледі.

3.2. Конкурсқа қатысу үшін ТЖКБ ұйымдары 2022 жылғы 28 ақпанға дейінгі мерзімде Конкурстың ұйымдастыру комитетіне (Павлодар қаласы, Қайырбаев көшесі, 32, 412-кабинет) бекітілген нысан бойынша өтінімді, Конкурсқа осы қатысушыны ұсыну туралы басшы қолымен және мөрмен расталған, негіздемелі шешімін, қатысушының 1 суреті (3x4), медициналық және сотталғандығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

IV. Конкурсты өткізу шарттары

4.1. BabySkills бағыты бойынша Конкурсқа қатысушылар: балабақшалар мен шағын орталықтардың ересек және даярлық топтарының тәрбиеленушілері, және бастауыш сынып оқушылары. Ата-аналарды тарту мен олардың қатысуы құпталады.

4.2. JuniorSkills бағыты бойынша Конкурсқа қатысуға мектептің 7-11 сынып оқушылары жіберіледі.

4.3. Abilympics (Абилимпикс) бағыты бойынша Конкурсқа қатысуға мүмкіндігі шектеулі колледж студенттері және мектептің оқушылары жіберіледі.

4.4. AgroSkills бағыты бойынша Конкурсқа қатысуға 22 жасқа дейінгі аграрлық колледж студенттері және 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін ауыл жастары жіберіледі.

4.5. WorldSkills бағыты бойынша 22 жасқа дейінгі колледж студенттері және 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар жіберіледі. Колледж

студенттері қатарынан қатысушының жасы Республикалық Чемпионатты (шамамен 2022 жылғы қараша-желтоқсан айлары) өткізу кезінде 22 жастан аспауы тиіс.

4.6. Worldskills сайыстарына конкурсанттар бір құзыреттілік бойынша ғана қатыса алады. Конкурсант жүлделі орындар (алтын, күміс, қола) иеленбеген жағдайда, Республикалық чемпионатқа екі реттен артық қатысуға құқығы бар. Конкурсант өңірлік Конкурсқа шектеусіз қатысуға құқылы (жастан басқа).

4.7. Конкурс тапсырмаларының мазмұны WSK стандарттарының талаптарына сәйкес құзырет бойынша сарапшымен әзірленген, конкурстық тапсырмаларды орындауды бастау туралы дабылға 1 сағат қалғанда, тапсырманы орындау алдында тікелей ашылады.

4.8. Қатысушыны Конкурс тапсырмасын орындауға дайындау:

- қатысушылар Ұйымдастыру комитетінің өкілдері және сарапшылардың қатысуымен Конкурста пайдаланылатын материалдармен, құралдармен және жабдықтармен таныса алады;

- қатысушылар өзінің конкурстық жұмыс орнын дайындап, материалдарды және құралдарды, жабдықтарды дайындап және тексеру жүргізуі қажет.

4.9. Конкурс қатысушылары жеке тұлғаны және туған күнін тексеру үшін өзімен бірге жеке куәлігі (паспорт) болу қажет.

4.10. Қатысушылар мен сарапшылар тіркеуден өтеді.

4.11. Қатысушылар Конкурсқа өздерінің арнайы киімдері және Тулбокс- конкурстық тапсырмаларды орындау үшін қажет құралдар жиынтығымен келеді.

4.12. Конкурстың қатысушыларына Қазақстан Республикасында қабылданған еңбекті қорғау және қауіпсіздік техника нормалары мен ережелеріне толықтай сәйкес шығын материалдары және құралдар, бірдей жабдықтар жиынтығымен тең жұмыс орындары ұсынылады.

4.13. Конкурстық тапсырмалардың орындау кезектігін қамтамасыз ету үшін қатысушылар жеребе тастау рәсімінен өтеді.

4.14. Конкурстық тапсырма орындалуының басталу мен аяқталу уақыты дабылын Бас Сарапшы береді. (Қазылар алқасының төрағасы).

4.15. Конкурс тапсырмасын орындау уақытында қатысушы (жұмыс аймағында жұмыс істейтін) сарапшымен ғана тілдесе алады. Үшінші тұлғамен тілдесуге тыйым салынған.

4.16. Сарапшылармен байқалған ұждансыз мінез-құлық немесе нормаларды сақтаудан және/немесе Ұйымдастыру комитетінің ресми өкілдері және Сарапшылардың нұсқауларын бас тартқан, немесе Конкурсты өткізуде өзінің жаман мінез-құлқы ықпал еткен қатысушылар, Сарапшы және Ұйымдастыру комитеті өкілінің шешімі бойынша Конкурсқа қатысудан шығарып тасталуы мүмкін.

4.17. Қатысушымен ЕҚ және ҚТ нұсқауларын немесе ережесін сақтамау фактісі конкурс тапсырмасының орындалу қорытынды бағалауына әсер етеді.

4.18. ЕҚ және ҚТ нұсқауларын қайта сақтамаған жағдайда қатысушыны Конкурстан уақытша немесе толық шығарып тастауы мүмкін.

4.19. Қатысушылар конкурстық орынды, жабдықтар және құралдарды таза қалдырулары тиіс.

4.20. Конкурс барысында туындаған барлық даулар мен шағымдар қатысушылардың, осы құзырет бойынша сарапшының және Конкурс ұйымдастырушылардың өкілдерінің қатысуымен алқалы түрінде шешіледі.

V. Конкурстың алаңдарына кіру рұқсаты

5.1. Ұйымдастыру комитеті, Сарапшылар конкурс алаңына кез келген уақытта кіре алады.

5.2. Фото және бейне түсірілім:

- Конкурстың ресми басталуына дейін конкурстық орындардың фото және бейне түсіріліміне тыйым салынған. Ұйымдастыру комитетінің қызметкерлерімен фото және бейне түсірілімнен басқасы.

- Конкурс өткізу уақытында конкурстық орындардың фото және бейне түсірілімі Бас Сарапшымен мақұлдануы қажет.

VI. Бағалау критерийлері

6.1. Орындалған Конкурс тапсырмалары құзыреттер бойынша конкурстық жұмыстың бағалау парағында баяндалған, бағалау критерийі негізінде WSK бағалау рәсімімен сәйкес болғанда ғана бағаланады (конкурстық тапсырмалар).

6.2. Барлық балл мен бағалар конкурс жұмыстарының Бағалау парақтарына жазылып отырады. Модуль аяқталған соң Бас сарапшы CIS (ЦИС) электрондық бағалау жүйесіне бағаны енгізеді.

6.3. Егер қатысушы тапсырманың қандай да бір бөлігін орындай алмаған жағдайда, Сарапшылармен берілген балл саны нөлге тең болады.

VII. Конкурстың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

7.1. Конкурстың жеңімпазы мен жүлдегерлері әрбір құзыреттегі бағалау критерийлеріне сәйкес үздік көрсеткіштер (балл) бойынша анықталады.

7.2. Сарапшылар кеңесінің шешімі хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға бағалау тізімдемесі қоса беріледі.

7.3. Конкурстың әрбір құзыретінде 1,2,3 орын алған жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, медальдармен марапатталады.

7.4. Демеушілік сыйлықтар болған жағдайда, қосымша сыйлықтар белгіленуі мүмкін.

7.5. Конкурстың барлық санаттағы қатысушылары (конкурсант, сарапшы) Конкурсқа қатысқаны туралы сертификаттар алады.

7.6. Барлық құзыреттер бойынша жеңімпаздар қатарынан WSK-2022 республикалық конкурсына қатысу үшін өңірлік құрама команда қалыптасады.

Білім беру басқармасының
2022 ж. «16» 02
№ 2-02/72 бұйрығына
№ 4-қосымша

**WorldSkillsPavlodar-2022 кәсіби шеберлік өңірлік конкурсын
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

1. Павлодар облысы білім беру басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі бойынша оқу-әдістемелік кабинеті;
2. Конкурс өткізілетін оқу орындарының басшылары;
3. В-life (келісім бойынша)

Білім беру басқармасының
2022 ж. «16» 02
№ 2-02/72 бұйрығына
№ 5-қосымша

**WorldSkillsPavlodar-2022 кәсіби шеберлік өңірлік конкурсына
қатысу өтінімі**

Өтінімді тапсыру күні: 2022 жылғы « _____ » _____

Құзыреттілік	
Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымның толық атауы (қысқартусыз)	
ҚАТЫСУШЫ	
Аты-жөні, тегі, әкесінің аты (толық)	
Туған жылы (күні, айы, жылы)	
Оқу курсы, мамандықтың атауы (қысқартусыз)	
Мекен жайы	
Құжат мәліметтері	
Байланыс телефоны (e-mail, үй телефоны, ұялы телефон)	
Сарапшы	
Аты-жөні, тегі, әкесінің аты	
Жұмыс орны, лауазымы	
Байланыс телефоны (e-mail, үй телефоны, ұялы телефон)	

Мекеме басшысы

М.О.

(қолы)